

**Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 6 «а» сыныбында
2023 -2024 оқу жылының жылдық жұмыстары жөнінде хабарлама**

2023-2024 оқу жылында 6 «а» сыныбын барлығы 25 оқушымен басталды. Оның 13-і ұл бала, 12-сі қыз бала. Оқу озаты – 8, екпіндісі – 10. Сыныптың әлеуметтік жағдайы жақсы. Мектепшілік есепте тұрған оқушы жоқ.

2023-2024 оқу жылында жыл бойында сынып оқушыларын еңбексүйгіштікке, адалдыққа, өз Отанын құрметтеуге, мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында тәрбие құндылықтарының 3 бағыт бойынша тәрбие жұмыстары жүргізілді. Ата ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

1. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келсім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
2. Жақсылыққа игілікке бой түзеуге абыройлы болуға ар ұждан намыс, жауапкершілік мейірімділік қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
3. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға ойдың тазалығын және эмоцияналды тұрақтылыққа баулу.
4. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу. Оқу жылында сынып тәрбие жұмыстары **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасындағы тәрбие құндылықтары «ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ», «АР-ҰЯТ», «ТАЛАП» жүзеге асырылды.**

Осы құндылықтарды басшылыққа ала отырып жылдық тәрбие жоспары құрылып жұмыстар атқарылды.

Тәрбие-халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, олардың айналамен қарым-қатынасын, өмірге көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру құралы.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай мақсат, міндеттерді басшылыққа ала отырып жеке тұлғаны қалыптастыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізіліп, тәрбиенің басым бағыттарына аса назар аударылды. Жоспарға сай барлық тәрбие сағаттары қамтылып, атқарылған жұмыстардың есебі тапсырылды. Сынып оқушылары өте белсенді, мектептегі және мәдениет үйіндегі шараларға қоғамдық іс-шараларға белсене қатысады. Сынып оқушылары аудандық, облыстық кезең бойынша спорттық шараларға да қатысып өздерін жақсы жақтарынан көрсете білді. Сонымен қатар ата-аналармен де жұмыстар жоспарға сай өткізіліп отырды.

Класс жетекшісі:  Т.С. Сәрсенбаева